

"Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 27 қыркүйектегі N 3120 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 15 қазандағы N 1029 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 27 қыркүйектегі N 3120 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Премьер-Министрі

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ
ЖАРЛЫҒЫ Қазақстан Республикасы Президентінің
1996 жылғы 27 қыркүйектегі N 3120 Жарлығына
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. "Қазақстан Республикасының азаматтығына байланысты мәселелерді қарау тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 27 қыркүйектегі N 3120 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 38, 355-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

тақырыбындағы "тәртібі" деген сөз "ережесін бекіту" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

1-тармақтағы "қараудың тәртібі туралы Ережелер" деген сөздер "қарау ережелері" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының азаматтығына байланысты мәселелерді қарау тәртібі туралы Ережелерде: тақырыбындағы "тәртібі туралы Ережелер" деген сөздер "ережелері" деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н :

кіріспедегі "(бұдан әрі - Заң) және Қазақстан Республикасының" деген сөздерден кейін "жасалған" деген сөзбен толықтырылсын;

"I, II, III, IV, V, VI, VII, VIII, IX, X" деген цифрлар "1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10" деген цифрлармен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

мәтін бойынша "консулдық мекемелері", "консулдық мекемелер", "консулдық

мекеме", "консулдық мекемелерде", "консулдық мекеменің", "консулдық мекемелердің" деген сөздер тиісінше "шет елдердегі мекемелері", "шет елдердегі мекемелер", "шет елдегі мекеме", "шет елдердегі мекемелерде", "шет елдегі мекеменің", "шет елдердегі мекемелердің" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақтың бірінші абзацында "Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктері, консулдық мекемелері және өкілетті өкілдіктері (бұдан әрі - консулдық мекемелер)" деген сөздер "Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері (бұдан әрі - шет елдердегі мекемелер)" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтың он бірінші абзацындағы "және өзінің туысының тұрақты тұратын жерінен анықтама" деген сөздер алынып тасталсын;

13-тармақтағы "Бас прокуратурасы жанындағы құқықтық статистика және ақпарат орталығы" деген сөздер "Бас прокуратурасының Құқықтық және арнайы есепке алу комитеті" деген сөздермен ауыстырылсын;

19-тармақтың екінші абзацындағы "тұрғылықты жерінен анықтама" деген сөздер алынып тасталсын;

VII тараудың тақырыбындағы "Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарын" деген сөздер "шешімдерді" деген сөзбен ауыстырылсын;

26-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"26. Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын адамдарға қатысты азаматтық мәселелері жөніндегі шешімдерді орындау - құжаттандыру және паспорттар мен жеке куәліктер беру жөніндегі уәкілетті органға, ал басқа мемлекетте тұратын адамдарға қатысты Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелеріне жүктеледі.";

27 - тармақта:

"Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі мен" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі мен Қазақстан Республикасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"жарлықтарының" деген сөз "шешімдерінің" деген сөзбен ауыстырылсын;

29-тармақтағы "жасанды құжаттар табыс ету" деген сөздерден кейін ", басқа мемлекеттің азаматтығын алу" деген сөздермен толықтырылсын;

30-тармақ мынадай мазмұндағы бесінші абзацпен толықтырылсын:

"егер адам басқа мемлекеттің азаматтығын алған болса.".

2. Осы Жарлық ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті